

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ
22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»
22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»
22-April, 2022 y.

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

10. Педагогтің кәсіби стандарты/»Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына қосымша

11. Инновационные компетенции как основа инновационного поведения сотрудников организации /Н.В.Линькова, А.А.Меркушева, И.А.Эсаулова //Вестник Университета. – 2015. – № 5. – С. 330- 335.

12. Звягинцева Н.Ю. Формирование инновационной компетентности будущего педагога//Вестн. Адыг. гос. ун-та. Сер. 3: Педагогика и психология, 2009. № 1.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шарипова О.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ аға оқытушысы, магистр
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Orynbasar_sharipova@mail.ru

Аннотация. Я думаю, что проблема развития нравственного воспитания будущих специалистов является одной из актуальных проблем, на которую необходимо обратить внимание в условиях духовного кризиса, который происходит в современном мире. Через развитие нравственного воспитания вырастает всесторонне развитая личность, духовно нравственная, уважающая наши национальные ценности, любящая, уважающая друг друга, с высокой страстью к жизни.

Ключевые слова: развития, нравственное воспитание, будущие специалисты, наука, образование.

Annotation. I think that the problem of developing the moral education of future specialists is one of the urgent problems that needs to be addressed in the context of the spiritual crisis that is taking place in the modern world. Through the development of moral education, a comprehensively developed personality grows up, spiritually moral, respecting our national values, loving, respecting each other, with a high passion for life.

Key words: development, moral education, future specialists, science, education.

Адамгершілік тәрбиесінің кейбір бағыттары қоғам дамуына байланысты өзгеріп отырады. Себебі, тәрбие-қоғамдық құбылыс.

Қазіргі әлем бойынша жүріп жатқан рухани дағдарыс жағдайында, білім алушыларды оқыту барысында көңіл бөлуді қажет ететін көкейтесті мәселелердің бірі деп ойлаймын.

Адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың негізі отбасынан басталып, білім беру мекемелерінде тәрбие үдерісінде өзінің жалғасын тауып, күрделене береді. Адамгершілік тәрбиесі- белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез құлық дағдылары мен әдептерді қалыптастырумен және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым- қатынасты дамытуда, жалпы адамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бір бөлігі. Адамгершілік тәрбиесінің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, имандылық негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбиесін дамыту - тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың негізгі жолы. Ол отбасы, мектеп, ұстаз, қоғам, қоршаған орта әсер етуші бұқаралық ақпарат, әлеуметтік желілер арқылы іске асырылады. Болашақ мамандар үшін олардың саяси әлеуметтік саналылығын ізгілік, рухани- адамгершілік, мораль, этикалық талғамын ішкі рухани байлығын молайтатын жүйелі жұмыстар ұйымдастырылуда.

Болашақ мамандардың білім мен тәрбие беру үдерістерінің негізгі бағыты олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт.

Оқушы-жастарды тәрбиелеу мәселесінде адамның ішкі жан дүниесін, рухани-адамгершілік тәрбиесін танып, дамытып, жетілдіру бағытында ізденіс, зерттеу жұмыстары жалғасын табуда.

Мәселен, Қазақстандық ғалымдар білім мен тәрбие беруді дамытуда жалпы адамзаттық ұлттық құндылық тенденцияларына ғылыми-теориялық, әдіснамалық бағытта әр қырынан зерттеу Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, Қ.Б.Жарықбаев, А.А.Бейсенбаева, С.А.Ұзақбаева, Р.К. Төлеубекова, Т.Сапабекова және т.б. жүргізіп келеді. Аталған ғалымдардың пікірлерінше, оқушылардың іскерлік жағдайы жан-жақты, әртүрлі қабілеттер мен қажеттіліктерді бойға жинақталған және ізгілік бағытымен реттелетін әлеуметтік тәжірибелерде нақты жүзеге асырылатын үдеріс екенін баса айта отырып, олардың адамгершілік жолындағы ізденістер білімнің, біліктің және дағдының жай жиынтығы емес. Білім алушы жастар ұжымның болашақ мүшелері, бір-бірінен денсаулығы, сыртқы пішіні, мінез-құлық ерекшелігі, адамгершілік мәдениеті, ұжымшылдығы, білім және басқа да көптеген қасиеттерімен ерекшеленетіні айтылған.

С.Ғаббасов «Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек деген»[1]

Жалпы адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Өйткені, жалпы адамзаттық құндылықтар әрбір адамның ақыл-ой байлығының тікелей көрсеткіші. Сондықтан да болар, құндылықтың мәні мен табиғаты, оның адам мен қоғам тіршіліктеріндегі алатын орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ықпалы т.б. мәселелер ғалымдарды толғандырады анық. Еліміздегі болып жатқан өзгерістер білім алушы жастардың мінез-құлықтарында бәсекелестік қабілетті қалыптастыруды талап етіп отыр.

Жаңашылдық үстем құрған уақытта адамгершілік құндылықтары жүйесінің орны ауқымдылығымен сипатталуында.

Мәселен, адамгершілік құндылықтарына бейімделу, мойындау, әрбір адамзатқа көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі жеке тұлғаның өмірлік мәні, ой-санасы, бет-бейнесі болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім алушы жастарды жоғары адамгершілікке, ізгілікке, халықтың мәдени мұрасын, халықтық педагогика құралдарын пайдалану арқылы тәрбиелеу мәселесін көрнекті ғалымдар С. Қ. Әбілдина, А. Е. Дайрабаева, А.А.Данилов, А.Қ.Қисымова, З. М. Магомедова, Г. А. Мұратбаева, Ж. Б. Сәдірмекова, Р. Ә Сқақова, Р. К.Төлеубекова, Ұ.Т.Төленова, А. Л. Шаалы және т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырып тың нәтижелер алғандығы белгілі [2].

Әр кездегі ғалым-педагогтардың қалыптастырған ғылыми идеяларын, пікірлерін, тұжырымдарын салыстыра отырып, халқымыздың ұлттық сипат, ерекшелігіне сай келетінін, тұрмыс-тіршілігіне жақынын, мәдениетіне сәйкес, салт-дәстүрмен байланысып жатқандарын байқадық. Ежелгі мұралардағы адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мемлекетті, елді басқарумен байланысып, әлем философтарының толғамдарымен үндесіп те отырады.

Әл-Фараби «этика» немесе «этикалық өнер» - адамның адамгершілік сапалары мен интеллектуалдық қабілеттері туралы ғылым, ол адам мінез-құлқының ережесі мен нормаларын және бақытқа жету тәсілдерін зерттейді деп тоқтала келе, этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмек көрсетуді, әділеттідікті, абыройды жатқызады

Ал, бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін заман талабына сай білім мен тәрбие беру жүйесін ізгілендіруде, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауда халықтық педагогика мұраларын пайдалану арқылы тәрбиелеудің маңызы өте жоғары.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат құндылықтарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыпының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттың мәдениетінің қазыналары мен дербестігін мойындау», – деп атап көрсетілген болатын [3].

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік құндылықтары қалыптасқан халқымыз осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, мұғалім халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани таза адам болуы шарт. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлық – бұл үш нәрсенің: жүректің, ақылдың және қолдың бірлігі мен келісімі. Егер оқушы өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе және табиғатына сай үйлесімді дамыған жағдайда ғана, ол өмірден өз орнын табады. Бұл мақсатқа адамгершілік мәдениеті халық педагогикасы құралдары арқылы қалыптасқан мамандардың қатысуымен қол жеткізуге болады. Қазақтың халықтық педагогикасы арқылы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне әр кезеңдегі ұлы ойшылдар да көңіл бөлген.

Олар Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари т.б., ағартушы-ғалымдар Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, қазақ зиялылары Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев т.б. еңбектерінен де халықтың бала тәрбиесі жөніндегі тәлім-тәрбиелік тәжірибелерін, ауызекі халық шығармашылығын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұрпақ тәрбиесінде пайдалану туралы айтқан идеяларынан көруге болады [4].

Данышпан, философ, ойшыл ғалым Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде нұсқалы тұрғыда тұжырымдап берген. Ол мемлекет басқарудың еліне құт, бақ әкелу өнерін ізгілікті ұстанымға бағдарлау мәселесін, қызметкерлердің, күтушілердің, т. б. болмыс-бітімін сипаттауда өз ісіне деген парызы мен қарызын айырықша жауаптылықпен орындауына қатысты үлгілер құрған. Аталған еңбектен біз зерттеу жұмысымызға қатысты (ақыл, парасат, ниеті түзу, сөзі шырын, өнерлі, білімді, қолы ашық, пейілі кең, кек сақтамайтын әсем құлықтар т.б.) құнды сөздерді болашақ мамандарға асыл қасиеттерді уағыздайтын өнеге-ғибрат үлгісі ретінде қолдана аламыз [5].

Ахмет Жүйгінеки өзінің өсиетнама дастанында білімнің адамға өмірлік азық болатынын және оның ізгілік пен қайырымдылықтың бұлағы «Адам өзінің жақсы ісімен басқаларға үлгі болуы тиіс» - деп жақсылықты, «Саған біреу жамандық істесе, сен оған жақсылықпен жауап бер» - деп қайырымдылық пен мейірбандықты атап көрсетсе., Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат аттүрік» атты сөздігінде жас ұрпақты әдеп, тәлім-тәрбие, моральдық-психологиялық сипаттағы ой-пікірлерді айта келе, адамгершілік, қайырымдылық, ақ ниеттілік секілді жақсы қасиеттерді дәріптейді. «Ақылды ал, рахымшыл бол, ақылшы дана бол, білгеніңді ортақтас» деп, тәлім-тәрбие жайлы айтқандары бүгінгі күнге дейін құнын жоймаған асыл мұра болып саналады. Тіршілік пен еңбекті сүйеге білімге құштар болуға, өз бақыты үшін күресе білуге шақырады. [6].

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ философиясына әкелген концепциясы, өзінің жеке тұжырымдарынан туындаған «үш анығы» барын танытады.

Бұлар-Шәкәрім өзі қол жеткізген анықтар. Осы үш анықтың негізінде келіп Шәкәрімнің көрсеткен ар ілімі қалыптасады.

Ар ілімі-ол рухани тазалық жолы. Ар Аллаға тән қасиеттің адам жүрегіндегі сәулесі болып табылмақ. Ұлы ойшыл, гуманистік қайшылыққа толы қоғамда өмір сүрді.

Шәкәрімнің дүниеге, өмірге, табиғатқа, сан – сала құбылыс көріністерге, дінге көзқарастарында кейбір қайшылықтар кездескенімен, бағыт бойынша дүниені жаратушы бір күш бар дегенді мойындау, оның дәлелі табиғаттың жарасымдылығы, қозғалысы, өмірде ақиқат, шындық, білім – ғылым, ақыл мен сезім дамуы арқылы іске асатынын, адамның болмысты танып білуі адам өзін - өзі жетілдіру арқылы жүзеге асатынын түсіндірді.

Ақын бар ғылымның түп атасы – таза ақыл мен ойлану, ойлау, деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір – болмыстың, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып – түсіну мағынасында алып қарайды-дейді. [7].

Бүгінгі күнгі адамгершілік тәрбиесі, мәдениеті жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделген

Белгілі жазушы Ж. Аймауытов өзінің «Тәрбие» деп аталатын еңбегінде «Тәрбие екі түрлі: ал адам баласына дене тәрбиелеумен бірге рухын, ақылын, сезімін, жігері, мінезін тәрбие қылуы керек. Дене мен рухы бірдей тәрбиеленген кісі сыңаржақтау болады» депті. Ендеше Ж. Аймауытов айтып отырған тән мен рухты тәрбиелеуге күш салуы керек. Барлық тәрбие мен білім берудің тамыры мен өзегі осы рухты тәрбиелеуде, яғни рухани тәрбиеде жатыр. Адамның ең алдымен өнегелілік қасиетін қалыптастырмай, тәрбиенің басқа салаларын жүзеге асыру мүмкін емес. Өнегелілік қасиеті қалыптаспаған адамға тіпті білім беру қауіпті.

Жан дүниесі өнегелі тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа қауіп әкелуі мүмкін. Сондықтан, Әл-Фараби бабамыздың жоғарыда айтылған «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөзі жалпы ұстаздар қауымының негізгі ұстанымы болу керек. Кейбір адамдар рухани тәрбиені дінмен шатастырып, қарсы шығуы да мүмкін. Діни тәрбие мен өнегелі тәрбие мүлдем бөлек дүние. Дегенмен бүгінгі күні дін мәселесіне жаңа көзқарас керек екенін түсіндік. Кеңес үкіметі кезінде «Дін сананы улайтын апиын» деп келсек, бүгінгі күні дін арқылы тәрбие жұмыстарын нәтижелі жүргізуге болады.

Ал, рухани-адамгершілік құндылық белгілі бір бағытта, мақсатты жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Адамгершілік құндылық – адамдық қасиетінің өлшемі. Оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі. Айналадағы адамдарға қайырымы, өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені - әлемді тануы.

Әдебиеттер

1. С.Ғаббасов «Халық педагогикасының негіздері» Атырау университеті - Алматы : Әл-фараби, 1995
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.-Алматы, 2000
3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы
4. Құнанбаев А. шығармаларының толық жинағы. - Алматы, 1954.
5. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – А.: «Санат» 1995
6. Ахмет Жүйгінеки «Ақиқат сыйы»
7. Құдайбердиев Ш. шығармалары. - Алматы, 1988.

ЕРЕКШЕ ҚАЗЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚИТУ МАЗМҰНЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Сулейменова М.Е.

2 курс магистранты

Жиентаева Бегаим Жиентаевна

П.ғ.к., доцент

Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

b_jientaeva@mail.ru, suleimenova1198@mail.ru